



КӨЛІК ҚЫЗМЕТІ ЖАҚСАРАДЫ

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



БАЙ-БАҒЛАНДАР САЛЫҒЫ

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Біз қазір халықаралық ахуалдың бұрын-соңды болмаған деңгейде шиеленіскеніне куә болып отырмыз. Кейбір ірі елдер өзіне қажетті күн тәртібін басқаларға тануға, оларды өз талабына икемдеуге тырысуда. Бір-біріне мүлдем қайшы келетін түрлі идеялар мен ұстанымдар қақтығысы белең алды. Бұл қақтығыс геосаясатта немесе экономикада ғана болып жатқан жоқ. Тіпті, мәдениет пен руханиятты, құндылықтар жүйесін, басқаша айтқанда, идеология саласын да шарпуда. Мұның бәрі тұтас мемлекеттің және халықтың қауіпсіздігіне зор кесірін тигізуі мүмкін. Сондықтан Қазақстан Республикасы бұрын-соңды болмаған деңгейде біртұтас болуы керек.

№90
(4523)

Сейсенбі
1 тамыз
2023 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ӘСКЕРИ ТЕХНИКА ЖӨНЕЛТПЕЙДІ

Қорғаныс министрлігі Ресейге әскери техниканы тасымалдау туралы әлеуметтік желілерге шыққан ақпаратқа қатысты мәлімдеме жасады.

«Қазақстандық әскери техниканы Ресей Федерациясына жөнелтіп жатыр деген мәліметтер шындыққа жанаспайды. Аталған әскери техниканың Қазақстанға қатысы жоқ, бұл – халықаралық уағдаластықтар шеңберінде ел аумағы арқылы Ресейге жоспарлы жөндеу жүргізу үшін жіберіліп жатқан үшінші елдің меншігі.

2022 жылдың 27 тамызынан бастап Қазақстанда қару-жарақ пен әскери техниканы экспорттауға тыйым салынған» делінген министрлік хабарламасында. Қорғаныс министрлігі азаматтардан негізсіз материалдарға мән бермей, тек ресми дереккөздерге сенуін сұрайды.



ВОЛОНТЕР ЖАСТАР ЛАГЕРЬГЕ БАРАДЫ

Елордалық белсенді жастар мен волонтерлерге «Jastar Jalyny camp» лагері ұйымдастырылады.

«Енді белсенді жастар мен волонтерлерге арналған «Jastar Jalyny camp» лагері ұйымдастырылады. Лагер аясында жастар 3 күн бойы шеберлік сабақтарына, тақырыптық кештерге қатысады, тимбилдингтер, Open Air

өткізіледі» деді Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Қайрат Қамбаров қалалық коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте.



ДӘСТҮРЛІ ЖӘРМЕҢКЕНІ ТҮРКІСТАН БАСТАЙДЫ

Биыл елордада дәстүрлі өңірлердің ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі 26 тамызда басталады.

«Дәстүрлі жәрмеңкені 26 тамызда Түркістан облысы бастайды. Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер өз өнімдерін тікелей астанаға әкеліп, қала тұрғындарына сатады. Өнімдер елордадағы

нарықтағы бағадан 15-20 пайыз төмен болады» деді Астана қаласы Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының бастығы Халел Әкімжанов. Биылғы жәрмеңке ЭКСПО алаңында өткізіледі.



АҚ ГҮЛДІ АСТАНА

Елорда жылдан-жылға жасыл желекке бөленіп келеді. Биыл қалада 1 миллион жасыл желек отырғызу жоспарланған. Жаз мезгілінде қаланың сәнін гүлдері келтіреді. Бүгінгі таңда біздің Астана да сан алуан гүлдерімен жайнап тұратын қаланың біріне айналған.

Қазір қаланың ішінде 180 мыңға жуық шаршы метр жерде біржылдық гүлдердің 50 түрі өседі. Ал түптеп санамақ, елордада шамамен жаз маусымында 7 миллиондай гүл отырғызылады. Гүлден

өрілген аққу, қыран, жылқы, барыс, піл, басқа да мүсіндер мен гүлзар-миксбордерлер бүгінде қаланың келбетіне көрік қосып тұр. Биыл Астанада алғашқы рет көпжылдық ақ гүл егілді.

Гортензия деп аталатын ақшаңқай гүл алыстан көз тартады. Мамандардың айтуынша, бұл гүл тамырын бір жайса, жыл сайын өзі шығып, жайқалып өсе береді екен. Ал, гүл өте әдемі болғанымен, өте нәзік өсімдік болғандықтан, «Астана көгалдандыру құрылысы» кәсіпорнының гүл өсірушілері мен күтушілері таңғы алтыдан бастап жұмысқа кіріседі.

2

«ASTANA AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР





29 МЫҢ ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ басқарма төрағасы Қанат Шарлапаевты қабылдады. Президентке 2023 жылдың I жартыжылдығындағы «Бәйтерек» холдингі қызметінің нәтижелері, соның ішінде кәсіпкерлерді, агроөнеркәсіп кешенін қолдау және халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі бастамалардың іске асырылу барысы туралы баяндалды.

Мемлекет басшысына ұсынылған мәлімет бойынша, ірі бизнесті қаржыландыру көлемі 114,4 млрд теңгені құрайды. Холдинг «Даму» қоры арқылы шағын және орта бизнесті дамытуды белсенді қолдайды. Қор 15 мыңнан астам кәсіпкерге қолдау көрсетті.

Жыл басынан бері «Отбасы Банкі» 29 мың отбасының баспаналы болуына көмектескен. Банк баспананы жалға беруді субсидиялау бағдарламасына да белсенді қатысып келеді. Бағдарлама аясында I және II топтағы мүгедектігі бар адамдарға, мү-

гедектігі бар балаларды, жетім балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға және көпбалалы отбасыларға қайтарымсыз мемлекеттік қолдау көрсетілді. Бірінші жартыжылдықта аталған бағыт бойынша 9 мыңнан астам өтінім мақұлданды.

Сондай-ақ «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы жыл басынан бері 271 млрд теңгеден астам қаржы бөлініп, 9 мыңға жуық фермерге қолдау көрсетілгені туралы хабарланды. Биыл 3,5 млн гектар жерге егін егілді. Бұл – еліміздегі барлық егіс алқа-

бының 15 пайызы. Азық-түлік қауіпсіздігін нығайту және импортқа тәуелділікті төмендету үшін ауыл шаруашылығындағы инвестициялық жобаларды несиелендіруге 131 млрд теңгеден астам қаражат бөлінді. Аграрлық секторды қаржыландыру көлемінің 70 пайыздан астамы «Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ мен «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ға тиесілі.

Кездесу соңында Президент бизнестің ахуалын жақсартуға және әлеуметтік тұрғын үй саясатын жетілдіруге бағытталған нақты тапсырмалар берді.

КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ ТЕТІКТЕРІ ЖЕТІЛДІРЕДІ

Премьер-Министр Әлихан Смайылов отандық тауар өндірушілерді мемлекеттік қолдау тетіктерінің тиімділігін арттыру мәселелері бойынша кеңес өткізді. Жиынға қатысушылар тауардың Қазақстаннан шыққанын растаудың жаңа тәсілдерін қарастырды.

Осылайша жеткізушілер түрлі мемлекеттік қолдау шараларына үміткер бола алатын отандық тауарлардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу ұсынылады. Тиісті өндірістік және технологиялық шарттардың, мәселен, конструкторлық құжаттаманың, өндірістік алаңдардың,

жабдықтардың, білікті мамандардың және т.б. болуын бір рет растау арқылы тізілімге кіруге болады.

Мұндай тәсіл тауардың шығарылған елін айқындау туралы ақылы сертификаттар беруді, сондай-ақ импортталатын тауарлар өндірушілердің мем-

лекеттік қолдау іс-шараларын алу шарттарын алып тастауға мүмкіндік береді деп күтілуде. Сонымен қатар бірқатар процесті автоматтандыру мен цифрландыру арқылы өз өнімдерін басқа елдерге экспорттайтын отандық компанияларға түсетін жүктеменің азаюы мүмкін.

11,5 МЫҢ ЭЛЕКТРОМОБИЛЬ ӘКЕЛЕ АЛАДЫ

Бүгінгі таңда Қазақстан аумағына кедендік баждар мен салықтарды төлеуден босатыла отырып, 3442 электромобиль әкелінді. Яғни, 2023 жылдың соңына дейін осылай тағы 11558 электромобиль әкелуге мүмкіндік бар. Бұл туралы Қаржы министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Бұған дейін Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2022 жылғы 17 наурыздағы №39 шешімімен 2022 және 2023 жылдары электромобильдерге бажсыз әкелу мүмкіндігі берілген болатын. ЕЭК шешіміне сәйкес, 2023 жылы электромобильдерді жеңілдікпен әкелуге берілген

рұқсат 15 мың электромобиль бірлігін құрайды.

Қазіргі уақытта Қырғыз Республикасының бастамасы бойынша Еуразиялық экономикалық комиссия алаңында бажсыз әкелу мүмкіндігін 2025 жылға дейін ұзарту туралы мәселе қаралып жатыр. Алайда, жоғарыда аталған

үлес шеңберінде кедендік баж салығын төлеуден босатып, бірақ ҚҚС төлей отырып, электромобильді әкелудің басқа мүмкіндігі бар екенін ескеру маңызды. Бұл жағдайда Дүниежүзілік сауда ұйымының мөлшерлемесі бойынша тауарларға декларация тапсыру қажет.

АПТА САЙЫН ҚАБЫЛДАЙДЫ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек азаматтарды қабылдау барысында көтерілген мәселелер туралы мәлім етті.

– Апта сайын азаматтарды жеке қабылдаймын. Көтерілген мәселелердің бір бөлігі тұрғын үйге қатысты. Олар – жеңілдетілген тұрғын үйлер салу, ескі үйлерді бұзу, құрылысы ұзаққа созылған нысандарды аяқтау, тұрғын үй кешендерін жөндеу және т.б. Мәселен, биыл 6 мыңға жуық әлеуметтік пәтер салуды, құрылысы ұзаққа созылған 30-дан астам тұрғын

үй кешенін аяқтауды, бірқатар тұрғын үй кешеніне жөндеу жүргізуді, сондай-ақ алдағы үш жылда апатты жағдайдағы ескі үйлердің тұрғындары үшін 2,5 мыңнан 3 мыңға дейін пәтер салуды жоспарлап отырмыз, – деді әкім.

Сонымен қатар ол азаматтарды қабылдау барысында білім беру, медицина, жұмысқа орналастыру,

елді мекендер мен қаланы абаттандыру, автобус санын көбейту және т.б. мәселелер көтерілетінін жеткізді. Проблемаларды шешу қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді болып бөлінеді. Азаматтарды қабылдаудан бөлек, әкім аудандар мен елді мекендерді аралап, тұрғындармен жергілікті орындарда жүзбе-жүз кездеседі.



ЕЛОРДАДА БІР МИЛЛИОН ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК ӨСЕДІ

Биыл елордада қолданысқа берілетін тұрғын үй кешендерінің аумағын көгалдандыру жоспары қайта қаралып, жекеменшік құрылыс компанияларына жасыл желектер санын көбейту міндеті жүктелді. Бұл туралы Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек мәлім етті.

Елорда әкімі қаладағы жаңа тұрғын үй кешендерінің аумағын абаттандыру жұмысы туралы баяндады.

– Бірінші кезең бойынша 100-ден астам тұрғын үй кешенін қамтимыз. Бұл жасыл желектер санын 2,5 есеге арттыруға мүмкіндік береді. Осылайша, құрылыс салушылар ТК аумағында

100 мыңнан астам жасыл желек отырғызатын болады. Мердігерлердің алдында үйлерді сапалы күйде салып қана қоймай, тұрғын үй кешендерінің аумағын абаттандырумен, көгалдандырумен де айналысу міндеті тұр, – деді әкім.

Осылайша бір миллион жасыл желек, ағаштар, бұталар, көшеттер және т.б. отырғызу жоспарланған. Оның 500 мыңы – қаланың жасыл белдеуі аумағында болады.

– Біз бұл деңгейді алдағы жылдары да сақтаймыз. Бұл Астананы бақша қаласына айналдыруға мүмкіндік береді. Ал басымдық жапырақты ағаштарға беріледі, – деді елорда әкімі.



ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Қытайда күн райына қатысты қауіп-қатердің ең жоғары «қызыл» деңгейі жарияланды.

Бұған толассыз жауған жаңбыр себеп. Жауын-шашын елдің солтүстік және орталық аймақтарын әбiгерге салды. Метеорологтар әлі нәсер жауады дейді. Қазірдің өзінде Хэнань мен Хэбэй провинцияларын су шая бастаған. Бейжіңде мектептер мен бірнеше көрнекі орын жабылды. Аньхой провинциясында лай көшті.



Газа секторының Хан-Юнис қаласында жүздеген палестиналық шеруге шықты.

Олар елдегі саяси 2 ұйымның арасындағы алауыздыққа қарсы бас көтерді. Осының алдында Мысыр астанасы Каирде Палестина автономиясының президенті Махмуд Аббас пен «Хамас» ұйымының арасындағы келіссөз нәтижесіз аяқталған болатын. Сарапшылар бұл алауыздықтың 16 жылдан бері жалғасып келе жатқанын айтады.



Испаниядағы аптап ыстықтан кейінгі 2 күнде 50 адам қайтыс болды.

Бұл туралы Мадрид қаласындағы Карл атындағы Үшінші университет ақпарат таратты. Қазір Пиреней түбегіндегі елдің бірқатар аймағында қауіптің ең жоғары – «қызыл деңгейі» жарияланды. Көлеңкенің өзінде 44 градусты көрсетіп тұр. Испания метеорологиялық қызметі аптап ыстықтың беті тамызда да қайтпайтынын ескертті. Еуропадағы аптапқа қарамастан Испанияға ағылған туристердің ресми саны жыл аяғына дейін 85 миллионды құрамақ.

АСТАНА КЕЛБЕТІ ДИЗАЙН-КОДҚА СӘЙКЕСТЕНЕДІ

Елорданың келбеті келешекте дизайн-кодқа сәйкес ретке келтіріледі. Бұл бағытта бүгінде қала көшелерінде Астана келбетін дизайн-кодқа сәйкестендіру бойынша игі істер жүзеге асырылып жатыр.



біртұтас болуы тиіс, – деді Әлия Әбсеметова.

Аудан әкімдігі өкілдері орталық көшелер бойында орналасқан тағы 4 тұрғын үй кешені кезекте тұрғанын жеткізді. Осылайша, аудандағы барлық белгі мен жарнама бірте-бірте ретке келтіріледі.

Ал қалалық Урбанистика орталығының мәліметінше, қаладағы жарнаманың шамамен 80%-ы ешкіммен келісілмегенін алға тартып отыр.

Қазіргі уақытта Астанада барлығы 1 500-ден астам заңсыз орнатылған белгі мен жарнамалық баннер алынып тасталды. Алдағы уақытта олардың барлығы дизайн-кодқа сәйкестендіріледі.

Бүгінде Астананың қай көшесімен жүрсеніз де, елорданың дизайн-кодына сәйкес келмейтін және заңсыз ілінген жарнамалардан көз сүрінеді. Әсем шаһардың көркін бұзатын және көшелерде ілуге рұқсат етілмеген, стандартқа қайшы осындай жарнамаларды алып тастау жұмыстары бүгінде елорданың барлық ауданында жүріп жатыр.

Мәселен, Нұра ауданында 6 тұрғын үй кешенінен қаланың келбетіне сай емес 60-тан астам маңдайшадағы жазу мен сыртқы жарнама алынып тасталды. Себебі олардың барлығы 2019 жылы

бекітілген Астананың дизайн-кодына сәйкес келмейді.

Нұра ауданы әкімі орынбасарының міндетін атқарушы Әлия Әбсеметованың айтуынша, елордалық дизайн-кодқа сәйкестендіру кезінде кәсіпкерлерге күрделі талаптар қойылмайды. Тек, сыртқы жарнама Астана келбетін бұзбаса болғаны.

– Дизайн-код бойынша кәсіпкерлерге күрделі талаптар қойылып отырған жоқ. Ең бастысы, сыртқы жарнама ғимараттың қасбетіне, дизайн-кодқа сай болуы керек және сырт көзге оғаш көрінбегені абзал. Қала өсіп, дамып келеді, ал оның келбеті



КОНДУКТОРЛАР ҚАЙТА ШЫҒА МА?

Бұл сұраққа Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы басшысының орынбасары Ержан Диханбаев қоғамдық кеңес отырысында жауап берді. Ол жол ақысын төлемеген жолаушыларға салынатын айыппұл көлемін өсіру қажет дейді.

Кеңесте қоғамдық көліктердегі жол ақысы мәселесі көтерілді. Елордада 100 жолаушының 51-і жолақысын төлемейді. «Бұл мәселе



өте өзекті болып тұр. Жолақысын төлемегені үшін айыппұл көлемін арттыру қажет деп ойлаймын. Жолақысын ақшалай төле-

ген кезде кондукторлар қажет болды. Бірақ қазір барлығы онлайн жүйеде болғандықтан, кондуктор қызметін қайта енгізу

қажеттілігі жоқ. Автобус парктөрі жолаушылардың төлемәқысына орай мемлекеттен субсидия алады. Жолақысын төлемейтін «қояндардың» салдарынан олардың да бюджетіне әсер етіп жатыр. Парктер бізге де осы сұрақ бойынша жүгінді. Автобустың бірнеше жеріне жабыстырылған QR қағазы жолаушыларға тексеріс болмаған кезде жолақысын төлемеуге, ал тексеріс кірген жағдайда тезірек төлем жасауға мүмкіндік беріп отыр. Сондықтан да ол парақтарды дұрыс орналастыру жағын ойластырып жатырмыз» деп түсіндірді Е.Диханбаев.

Зарина СӘРСЕНБАЙҚЫЗЫ

МЕМЛЕКЕТКЕ 1 МИЛЛИАРДТАН АСА ТЕҢГЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ

Елордада мемлекет пайдасына шығарылған сот актілерінің орындалуына талдау жасалды.

Бұл туралы қалалық прокуратураның баспасөз қызметі хабарлады. «Прокурорлық қадағалау ак-

тісін енгізу нәтижесімен сотталғанға тиесілі жалпы бағасы 1 млрд 62 млн теңге құрайтын 5 жер учаскесін

өндіру арқылы келтірілген шығын мемлекет пайдасына өтелді» делінген қалалық прокуратураның ақпара-

тында. Осылайша, прокуратураның қабылдаған шараларымен қылмыс жолымен табылған сотталғанның мүлкін мемлекет пайдасына өндіру арқылы сот үкімі орындалды.

Германия экономикасы құлдырауы мүмкін.

Халықаралық Валюта қорының сарапшылары осылай дейді. G7 елдері ішінде Германияның қаржылық жағдайы өте қиын болмақ. Басты себеп – несиелі жүйесінің қатандауы және Қытайдың неміс тауарларына деген сұранысының күрт азаюы. Сондай-ақ энергетикалық дағдарыс та экономикалық көрсеткіштердің төмендеуіне әкеп соғуы мүмкін. Мамандар Германия негізі Ресейдің газына қатты тәуелді болғанын айтады.



Аптап ыстықтан Жерорта теңізінің температурасы +28,71 С-қа жетті.

MHW-нің жылу толқындарына бақылау жүргізетін қызметі осындай ақпар таратты. Теңіз флорасы мен фаунасы үшін бұл үлкен қатер төндірді. 2015-2019 жылдары қатты жылудан 50 моллюска мен кораллдар зардап шекті. Теңіздің жылынуының салдарынан қатты дауылдар көбеюі мүмкін. Қауіптің ең үлкені – судың тез жылып кетуінен Еуропадағы аномальды ыстық күз айларында да жалғасады.

1 тамыздан бастап Астана халықаралық әуежайындағы автотұрақ тарифі өзгереді. Мәселен, P1, P2, P3 аймақтарындағы автотұрақтың құны 100-ден 200 теңгеге дейін, P4, P5, P6 аймақтарында сағатына 50-ден 100 теңгеге дейін қымбаттайды.

АВТОТҰРАҚ БАҒАСЫ ҚЫМБАТТАЙДЫ

Ал ұшаққа мінетін жолаушыларды шығарып салуға келген автокөліктер алғашқы және екінші рет кіргенде барлық пайдаланушы үшін 15 минут ішінде тегін болып қалады. Әуежайдың әкімшілігі түсіндіргендей, автотұрақ тарифтерінің өзгеруі коммуналдық қызметтерге тарифтердің көтерілуіне байланысты. Ішкі рейс-

терге арналған T2 терминалының оң жағында орналасқан 274 орындық жабық автотұрақ құны өзгеріссіз қалады. Сондай-ақ, әуежайда ақылы автотұрақпен салыстырғанда көбірек бос орындары бар жабық автотұрақ аумағына іргелес тегін тұрақ бар. Бірақ ол жерде автокөлікті ұзақ уақыт қалдыруға болмайды.



ӨТЕ СИРЕК КЕЗДЕСЕТІН ОТА ЖАСАДЫ

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының басқарма төрағасы Сәбит Ахметов пен ӘМСҚ Астана қаласы бойынша филиалының директоры Ербол Бекмұхамбетов елордадағы №9, №10 қалалық емханаларда және «City» емханасы» ЖШС-де болып, медициналық ұйымдардың жұмысымен танысты.

ӘМСҚ елорда филиалының медициналық қызмет жеткізушілерінің бірі – «City» емханасы» ЖШС мүмкіндіктерімен таныстырған бас дәрігер Қанат Дүйсенбаев емханада өте сирек кездесетін ерекше оталар жасалатынын айтты.

«City» емханасында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) бойынша оталарды биылғы 16 мамырдан бастап жасай бастадық. Осы уақыттан бастап бүгінгі күнге дейін МӘМС жүйесі бойынша аяқтың артериялық қан ағымын қалпына келтіру бойынша 10 ота жасадық» деді тәулік бойғы стационар және жедел қызмет көрсету блогының меңгерушісі Ғалия Әбежанова.

МӘМС жүйесі бойынша «City» емханасында тегін ем алған алғашқы науқас ұзақ уақыттан бері атеросклероздан зардап шеккен 82 жастағы ер адам болды. Оның аяғының тамырлары толығымен бітеліп, соның салдарынан аяғында қатты ауырсыну тудыратын трофикалық жаралар пайда болған. Ауырсыну тоқтамайды, тіпті ауырсынды бастатын дәрілер де әсер етпей қалған.

Қарт жасына, аурудың асқынып кеткендігіне, науқастың қосалқы патологияларына қарамастан, дәрігерлер жергілікті анестезия арқылы ота жасауға шешім қабылдады. Тіндерді мейлінше жарақаттамай, шағын тіліктер арқылы дәрігерлер

аяқ тамырларынан қан жүруін қалпына келтірді, нәтижесінде қысқа уақыт ішінде трофикалық жаралар толық жазылды, осылайша науқастың аяғын кесуден (ампутация) сақтап қалды, мүгедектікке жеткізбеді.

«Әкеміздің ауырғанына 20 жылдан асты. Бұрын дәрігерлер көптеген дәрі-дәрмек тағайындайтын, солардың арқасында ауырсынды басуға болатын. Бірақ соңғы бірнеше жылда дәрілер әсер етпейтін болды, ауырсыну басылмай, әкеміз ұйқыдан қалды. Бірнеше тексерулер мен консультациялардан кейін біз «City» емханасына бардық. КТ зерттеуін жүргізу кезінде ангиохирург А.Парманов әкеміздің аурудан зардап шегуіне себебі неде екенін көрсетіп, түсіндірді. Бұл кезде аяғы қарайып кеткен еді, дәрігер: «бізде енді уақыт жоқ, аяқты құтқару керек» деді. Ауруханаға жатқызғаннан кейін дәрігерлер әкемізге МӘМС бойынша тегін операция жасады. Қазір әкеміз өзін жақсы сезінеді» деп науқастың балалары өз алғысын білдірді.

Мұндай ота қан тамырлары тәжірибесінде өте сирек жасалады. Бұл өз кезегінде елордада қан тамырлары хирургиясы әдістерінің одан әрі дамуына, қазіргі заманғы әлемдік деңгейде хирургиялық көмектің прогрессивті әдістерін игеруге және енгізуге сенімділік береді.





АСТАНАДА ЖАЛПЫ ҰЗЫНДЫҒЫ 868,3 ШАҚЫРЫМДЫ ҚҰРАЙТЫН 1 129 КӨШЕ БАР, СОЛАРДЫҢ 90,7 ПАЙЫЗЫ, ЯҒНИ 803,7 ШАҚЫРЫМЫ АСФАЛЬТТАЛҒАН

Нұра ауданындағы 13 көшеге инертті материалдар төгілген.

Әлеуметтік нысандарға өтетін жолдар да жөнделуде. Бұл ретте Астанадағы тұрақ аймақтары мен тротуарларды жайластыра отырып, алдағы уақытта әлеуметтік нысандарға 7 кірме жол салу көзделіп отыр.

КӨШІРЛЕР КӨРКЕЙІП КЕЛЕДІ

Биыл қаладағы 32 көлік құрылысына, оның ішінде 8 үлкен көпірге, 6 шағын көпірге, 3 жаяу жүргіншілер көпіріне, 2 жол өтпесіне, 7 көлік айрығына және 6 жерасты жаяу жүргіншілер жолына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарлануда.

Қазіргі кезде Беласар көпірінде, Мәңгілік ел даңғылы – Сарайшық көшелерінің қиылысындағы жол айрығында, М3 көпірі мен «Можайский» көпірінде және жасыл аралдағы көпірде көпірлердің металл құрылымын сырлау, деформациялық жіктерді жөндеу, доңғалақ ойықтарын орнату, бүлінген жерлерді гранит плиткемен

жобасы 2018 жылдан бастап іске асырылып келеді. Оған «Астана тұрақ кеңістігі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жауапты екенін айта келе, қоғамдық кеңес отырысында басқарма басшысының орынбасары осы шарт аясында елордада жаңа ақылы автотұрақтардың ашылатынын атап өтті.

– Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шарты аясында қалада 10 мың ақылы тұрақ орындарын іске қосу жоспарланып отыр. Бүгінде 7 500 автотұрақ орны іске қосылды. Жобаның мақсаты – жол бойында көлікпен аялдау ережелерінің бұзылуын азайту, ақылы тұрақ аймақтарында көлік құралдарының барлық түрлерінің қозғалыс жылдамдығын және тұрақ орындарының айналымын арттыру. Сонымен қатар, автотұраққа қоймайтын көліктердің санын қысқарту және тұрғындарды қоғамдық көлікті пайдалануға ынталандыру, – деді Ержан Диханбаев.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕР КӨБЕЙДІ

Елордада қоғамдық көліктердің саны арта түсті. Қалаға жаңа автобустар әкелінуде.

– Бүгінгі таңда елордада 6 автобус паркі бар. Олардың 1-і – коммуналдық және 5-і жекеменшік парк. Қоғамдық көліктер 91 бағытта қатынайды. Оның 63-і қала ішінде, қалған 28 автобус қала маңына жүреді. Күн сайын желіде 850-ге жуық автобус қызмет көрсетеді. 2022-2023 жылдары қоғамдық көлік қызметін жетілдіре түсу мақсатында 4 жаңа бағытта автобустар іске қосылды. Олар №121, №327, №328 және №329 бағытында жүреді. Сонымен қатар, 44 бағыттағы автобустардың қозғалыс кестесі өзгертілді, Bus Lane 2 учаскесі енгізілді және қала маршруттарының жұмыс кестесі де ұлғайтылды, – деді басқарма басшысының орынбасары.

Жасыратыны жоқ, соңғы кезде елорданың қоғамдық көлігі жылжымалы құрамның тапшылығын сезінуде. Қалалықтар санының жоспардағыдан тыс өсуі қосымша автобустарға деген қажеттілікті туындатып отыр.

– Бұл мәселені шешу үшін 2023 жылы 400 бірлік автобус сатып алынады, оның 125-і қалаға әкелінсе, 320 автобусты коммуналдық автопарк және 80 автобусты жеке парктер сатып алады. Елордада халық санының өсуін ескере отырып, жыл сайын 100 автобус сатып алу қажет. Автобустарды сатып алу аясында 6 жаңа маршрут іске қосылады. 95 автобустың қозғалыс кестесі ұлғайып, 55 ескі автобус жаңартылады, – деді Ержан Диханбаев.

Жалпы, елордалық Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы жолаушылар тасымалы сервисін жақсарту және елорда қонақтары мен тұрғындары үшін қолайлы жағдай жасау бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді.

ЖОЛДАР ЖӨНДЕЛЕДІ, КӨЛІК ҚЫЗМЕТІ ЖАҚСАРАДЫ

Бүгінде елорданың көше-жол желісін дамыту, қоғамдық көлік жұмысын жақсарту мәселесі өзекті болып отыр. Осыған орай, Қоғамдық кеңестің кезекті отырысында қалалық Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы басшысының орынбасары Ержан Диханбаев бас шаһардағы жол-көлік жұмысының жай-күйі мен оны жақсарту шаралары туралы баяндады.

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

ЖОЛДАР ЖӨНДЕЛІП ЖАТЫР

Басқарма басшысы орынбасарының айтуынша, қазіргі кезде Астанада жалпы ұзындығы 868,3 шақырымды құрайтын 1 129 көше бар, солардың 90,7 пайызы, яғни 803,7 шақырымы асфальтталғанымен, қалған 9,3 пайызы немесе 64,6 шақырым жолға әлі тас төселмеген.

Сондай-ақ 60 инженерлік құрылым, оның ішінде 8 көлік айрығы, 9 жол өтпесі, 24 автожол және 5 жаяу жүргіншілер көпірі, 4 жерүсті және 9 жерасты жаяу жүргіншілер өткелі бар.

– Биыл 31 жоба жүзеге асырылады, оның 21-і ауыспалы жоба болып табылады. 31 нысанның 4-еуін ағымдағы жылы аяқтауды жоспарлап отырмыз. Бүгінде 6 жаңа нысан бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр, – деді Ержан Диханбаев.

Қазіргі таңда 3 ірі нысанда, атап айтсақ, Тәуелсіздік көпірінде, Тілендиев және Бейсекова көшелерінің қиылысындағы жол айрығында және Алаш тас жолы бойындағы көпірде

жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

ТҮРҒЫН АЛАПТАР НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ

Жол жөндеу және салу жұмыстары қаланың шет аймақтарында да жүріп жатыр. Бөлінген қаражат есебінен Астана қаласының 5 тұрғын алабында 6 жобаны іске асыру жоспарлануда.

– Орташа және ағымдағы жөндеу жұмыстары да жүйелі жалғасуда. Бүгінгі күні бөлінген қаражат есебінен жалпы ұзындығы 47,2 шақырымды құрайтын 69 көшеге орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр. Сондай-ақ ұзындығы 27,4 шақырым болатын 44 көшеде жөндеу жұмыстары аяқталды. Ал жалпы ұзындығы 15,6 шақырымды құрайтын 16 көшеде қазіргі уақытта жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр, – деді басқарма басшысының орынбасары.

Сонымен қатар, жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында шұңқырлы, маршруттық жөндеу жұмыстары жалғасуда. Ағымдағы жылы қаладағы 250-ден астам көшеде шұңқырлар жөнделіп, ұзындығы

5,5 шақырым болатын 13 жаяу жүргіншілер жолы қайта қалпына келтірілді.

Бөлінген қаражат есебінен жүргізілген жұмыстарға тоқтала келе, басқарма басшысының орынбасары қаладағы аялдамалар мен пандустардың жағдайын атап өтті.

– Жолаушыларға сапалы қызмет көрсету үшін 40 аялдама қайта жабдықталды. Қала аумағында орналасқан 12 аялдамада жөндеу жұмыстары жүріп жатыр, жыл соңына дейін 4 аялдаманы қалпына келтіру жоспарланып отыр. Сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі жандар үшін тротуарлардан 207 арба пандус жабдықталды. Осы жылдың соңына дейін тағы 300-ден астам пандус қалпына келтірілетін болады, – деді Ержан Диханбаев.

Қаладағы үш тұрақ аймағы, нақтырақ айтсақ, Мичурин тұрғын алабындағы №43 мектептің маңындағы тұрақ аймағы, №55 мектепке қарама-қарсы орналасқан жердегі және Таха Хусейн көшесіндегі №1 үйдің жанындағы тұрақ аймағы қайта жабдықталды.

Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы басшысының айтуынша, бұ-

2023 ЖЫЛЫ

Жалпы ұзындығы
47,2 шақырымды
құрайтын

69 көшеге жөндеу
жұмыстарын жүргізу
жоспарланды

44 көшеде жөндеу
жүргізілді

8 үлкен көпірге жөндеу
жұмыстарын жүргізу
жоспарланды

400

автобус сатып
алынады

40

аялдама қайта
жабдықталды



гінгі таңда елордада көшелер мен кірме жолдарды инертті материалмен толтыру жұмыстары да қызу жүріп жатыр. Бас қаладағы 147 учаскеге, атап айтсақ, Байқоңыр ауданындағы 64 көшеге, Сарыарқа ауданындағы 35 көшеге, Алматы ауданындағы 20 көшеге, Есіл ауданындағы 15 көшеге және

қаптау секілді басқа да жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

10 МЫҢ АҚЫЛЫ АВТОТҰРАҚ АШЫЛАДЫ

Елордада «Астана қаласының ақылы тұрақ кеңістігін құру, пайдалану және басқару» мемлекеттік-жекеменшік әріптестік





Фото интернеттен алынды

БАЙ-БАҒЛАНДАР САЛЫҒЫ

ОЛ ҚАШАН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ?

Таңатар
ТӨЛЕУҒАЛИЕВ

ҚОҒАМҒА ҚАЖЕТ ЗАҢ

«Бұл жердегі негізгі мақсат – байлар көбірек салық төлеп, кедейлер соның арқасында молырақ өтемақы алса, сөйтіп елде әлеуметтік әділеттілікке бір қадам жақындай түссек деген ой. Кейінгі кезде осы сән-салтанат салығын енгізу идеясын әркім де құптап отыр. Әрине, ол біздегі кедейшілік мәселесін түпкілікті шешпейтіні түсінікті. Дегенмен, қазіргі шамадан тыс байлыққа кенелген олигархтарға мұндай талап қойылуы – бірден-бір дұрыс мәселе. Тек енді осы қолға алынған реформаны жүзеге асыру үшін құқықтық тетіктер, заңдық тұжырымдар керек. Осыған орай алдағы уақытта елде жаңа заңдар қабылданбақ. Оның 2017 жылдың 25 желтоқсанында қабылданған салық кодексінен басты айырмашылығы – салық жүзесіндегі ашықтық пен тең мүмкіндіктері болуы қажет, – дейді экономист Жұмағазы Кенжебек.

Мойындау керек, сән-салтанат салығы туралы айтылып келе жатқанына он жылға жуық уақыт өтті. Ал ресми түрде ол Үкімет тарапынан нақты шешімін таба алмай келеді. «Қазының бүйірін толтыруға септігі тиер еді» деп алқалы жиындар мен үлкен мінберлерде айтылғанымен, заң жүзінде қабылданбай тұр. Бюджетті жоспарлау мен оны мақсатты орындау жағында Мемлекет басшысының назарына ілікті. Шығындар мен мемлекет қарызы өсіп барады. Ұлттық қордағы трансферттер төмендемей тұр. Жиналып келгенде, осының барлығы түйінді мәселеге айналады.

Тағы бір атап айтарлығы, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 2008 жылы қабылданыпты. Содан бері бюджет саясатын оңтайландыруға шенеуніктердің желкесінің қыры жібермей келеді. Ал бұл дегеніңіз, жылдан жылға немқұрайлықтың құрсауынан шыға алмау екенін екінің бірі мойындайды. Енді, міне, тағы бір бағдарламалық құжатты жаңартпай, алға қойған жоспар да, мақсат та орындалмайтыны көрінеді. Сондықтан осы жылы Парламент қарауына Бюджет кодексінің жаңа жобасы ұсынылады деген сөз.

Мамандардың пікірінше, байлыққа салынатын салықты нақты заңмен бекіту үшін елдегі ақша ағымын реттеп алу керек екен. Бұл жерде қаржы-өндіріс топтары ірі бизнестерінің де мүддесі ескерілуі тиіс. Сондықтан салық кодексіне өзгерістер енгізер

Астана – ауқаттылар қаласы деген сөздер халық арасында жиі айтылып қалады. Әрине, қалталы адамдар тек елордасында ғана емес, еліміздің кез келген қаласында бар. Ондай адал еңбегімен, маңдай терімен дәулет жинаған жандарға бұқараның құрметі де зор. Ал олигархтардың жөні бөлек. Мәжіліс депутаты Абзал Құспаннның айтуынша, «олигарх» деген сөз қолындағы билік арқылы дәулет жинағандарға қолданылады екен. Яғни мемлекеттің заңдарын өз мүдделеріне қарай икемдеп, сол арқылы қалтасын қамтитып, шетелге қомақты қаржы шығарып үлгергендер. Міне, сол супер байлар елде ресми түрде 162 адам деп саналғанымен, шын мәнінде одан әлдеқайда көбірек сияқты. Осыған байланысты елде жаңа салық кодексі қабылдау міндеті тұр.

кезде ҚР Президенті қазынаны толтыруды ғана мақсат етіп қоймай, одан туындайтын өзекті күрмеулі мәселелерді де қатаң ескеру керектігіне баса назар аударды.

Әңгіме лоббизм төңірегінде болып отыр. Мемлекет басшысы жемқорлықпен күрес аясында лоббизмді реттейтін арнайы заң қажеттігін қозғады. Ал құзырлы мемлекеттік органдар осыған қатысты заңды қарауға асырар емес. Үкіметте, саяси элитада осы заң жобасының қабылданбауына мүдделі топтар бар сияқты. Түптеп келгенде, оларға құқықтық жағынан шектелмей, көлеңкеде жұмыс істеген тиімді. Ал шын мәнінде, лоббизм туралы қандай да бір заңдық күші бар құжатты қабылдануы азаматтық институттарға заңнамалық процеске қатысуға жол ашпақ.

ЛОББИГЕ ЖОЛ ЖОҚ

Өткен жылы өзінің халыққа арнаған Жолдауында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев байлыққа салынатын салық туралы айтып, оның орта тапқа қатысы болмауын тапсырды. Табысы екі жүз мың теңгеге дейінгі азаматтардың салығын азайту мүмкіндіктерін, ал табысы 500 мыңнан жоғарыларға 15 пайыз салық салуды қарастырса дегендей ұсыныстар болды.

Расы керек, байлыққа салық салу мәселесі елде 2013 жылдан бері көтеріліп келеді. Бірақ нақты бір нәтиже әлі шешімін таба алмауда. Өйткені бұл бастаманы қолдамайтындар бұрынғы депутаттар арасында көп болғанға ұқсайды. Бұлай деуіміздің себебі – елде 2007 жылға дейін прогрессивті салық салу тәсілі қолданылып келген екен. Экономист Жанкелді Шымшықтың

айтуынша, салықтың пропорционалды және осы прогрессивті екі түрі болса, оны 2007 жылы депутаттар лобби жасап тоқтатып тастаған. Міне, сол бұрынғы тәсілді қайтадан жаңғыртса, құба-құп болар еді. Әйтпесе, бір адамда яхта бар да, екіншісінде велосипед те жоқ. Әрине, «бұл нарық заңы» дейтіндер табылады. Сөз жоқ, бізде қазір сұраныс пен ұсыныс тепе-теңдікті қалыптастырып отыр. Айына 50 мың теңге табыс табатын да, айына 50 миллион теңге алатын адам да екі жүз теңгенің нанын сатып

ТАБЫСЫ ЕКІ ЖҮЗ МЫҢ ТЕҢГЕГЕ ДЕЙІНГІ АЗАМАТТАРДЫҢ САЛЫҒЫН АЗАЙТУ МҮМКІНДІКТЕРІН, АЛ ТАБЫСЫ 500 МЫҢНАН ЖОҒАРЫЛАРҒА 15 ПАЙЫЗ САЛЫҚ САЛУДЫ ҚАРАСТЫРСА ДЕГЕНДЕЙ ҰСЫНЫСТАР БОЛДЫ

алып отыр. Міне, прогрессивті салық осы әділетсіздікті жоюға бағытталар еді. Мұндай салық салу тәжірибесі дүние жүзінде бар. Тек оны біз өзіміздің мүмкіндіктерімізге ыңғайлап жүзеге асыруға болады.

Тағы бір мәселе – қымбат көліктерге салынатын салық. Оны да қазір 50 миллион теңгеден асатын көліктерге салу керек деген ұсыныстар айтылуда. Мұндай көліктер елімізде барша көліктің 1,5 пайызындай болады екен.

Ал жылжымайтын мүлікке салынатын салық оның құнына байланысты айқындалмақ. Мәселен, бағасы 450 миллион теңгеден асатын үйлерге салық кодексінен жазылған мөлшерде салық салу қарастырылып отыр. Қазір бұл мәселе мамандар арасында да, сарапшылар ортасында да кеңінен

талқыланып жатыр. Өйткені жаңа салық кодексі Парламентке осы жылдың аяғында енгізіледі. Ал оны халық қалаулылары қарап, талқылап заңдық тұрғыда қашан қабылдайтындары әлі белгісіз.

ҚАЗЫНА ЕСЕЛЕНЕР ЕДІ

– Бай-бағландарға салынатын салық деп біз ауыз толтырып айтып жатқанымызға, қызыл кеңірдек болып талқылап жүргенімізге екі-үш жылдың жүзі болды. Ұлттық экономика министрі өз ұсыныстары мен тұжырымдарын алға тартады. Бір қарағанда бәрі дұрыс сияқты болғанымен, тереңірек үңісек, мұның астарында халықтың қамын ойлау жатыр ма, әлде баяғы сол қисаспыз байығандардың мүддесін көздеп, соларды қорғаштау жатыр ма? Осы жерін нақты ашып алу керек, – дейді экономист Ермұқан Жамаев.

Ұлттық экономика министрінің мәліметінше, биыл қаңтар мен мамыр аралығында бюджетке түскен салық 6 667, 3 млрд болыпты. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 22,4%-ға көп екен. Сондай-ақ салықтан республикалық бюджетке – 3 триллион 776,7 млрд., жергілікті бюджетке – 1,793,6 млрд., ұлттық қорға – 1 млрд, 7 миллион қаржы түсіпті. Мамандардың айтуынша, осы қаражатты сән-салтанат салығы арқылы бірнеше есе көбейтуге болады екен. Олай дейтін себебіміз, бүгінгі таңда

ЖАЛҒАН СТАТИСТИКА ЖАРҒА ЖЫҒАДЫ

Қазақта «Қолыма жұмыс бергенің – жаныма тыныс бергенің» деген сөз бар. Бірақ қазір Қазақстан халқының тынысы тарылып, қыларға қызмет таппай жүр. Себебі жұмыссыздық деген жегі құрт барлық салаға дендеп енді, тәжірибелі маман болсын, енді ғана ЖОО-ын тәмамдаған адам болсын екі қолға бір күрек таппай қиналады. Дей тұрғанмен біздің елдегі статистика деген құдірет өтіріктен өрнек тоқуды доғармай тұр.

Соңғы үш жыл бойы Ұлттық статистика бюросы Қазақстан халқының небәрі 4,9 проценті, яғни 450 мың адам жұмыссыз дейді. Бұл тек жұмыспен қамту орталығына арнайы өтініш бергендердің есебінен шыққан дерек екенін құзырлы орындар ескермейді. Салдарынан Қазақстан халқының көбі жалақысы жақсы, табысы тәуір жерде қызмет қылып жатқандай көрінеді. Ағайынды осындай жалған деректер әбден ашындырып болды.

Қазір елімізде 6 миллионнан астам жас адам бар. НЕЕТ жастардың саны 422 мыңға жетті. Олармен де нақтылы жұмыс жасалып жатқан жоқ. Бір реттік кей жобалардың нәтижесін білу тіптен қиымыр. 2022 жылы Ұлттық қордан «Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі» Ұлттық жобаны жүзеге асыру үшін жас кәсіпкерлер мен әлеуметтік осал топтағы азаматтарға грант беруге 69,2 миллиард теңге бөлінген. Бірақ оның 6,9 миллиард теңгесі игерілмеген. Бұл да – жұмысты жүйелеуде кеткен қателік. Ең қызығы, Жоғары аудиторлық қамын ойлау жатыр ма, әлде баяғы сол қисаспыз байығандардың мүддесін көздеп, соларды қорғаштау жатыр ма? Осы жерін нақты ашып алу керек, – дейді экономист Ермұқан Жамаев.

Ұлттық экономика министрінің мәліметінше, биыл қаңтар мен мамыр аралығында бюджетке түскен салық 6 667, 3 млрд болыпты. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 22,4%-ға көп екен. Сондай-ақ салықтан республикалық бюджетке – 3 триллион 776,7 млрд., жергілікті бюджетке – 1,793,6 млрд., ұлттық қорға – 1 млрд, 7 миллион қаржы түсіпті. Мамандардың айтуынша, осы қаражатты сән-салтанат салығы арқылы бірнеше есе көбейтуге болады екен. Олай дейтін себебіміз, бүгінгі таңда

жұмыссыздықпен күресудегі біздің мынадай нақты ұсыныстарымыз бар:

1. Жалған есептен құтылып, нақты жұмыссыз жастардың санын және олардың талап-тілегін білу үшін мобильді топтар құру керек. Олар базарлар мен басқа да жастар көп шоғырланған жерлерді аралауы керек. Апанат партиясында сондай жүйе бар, аталған тәжірибені мемлекеттік деңгейде іске асыру қажет.

2. Бір реттік науқандық деректермен көрсетсем. Қазіргі таңдағы жұмыссыз жастардың саны – 80 мың, НЕЕТ жастардың саны – 422 мың, ал өзін-өзі жұмыспен қамтыған жастардың саны 408 мың деп келтіріледі. Аталған үш көрсеткіш арқылы құзырлы орындардың елдегі жастар арасындағы жұмыссыздық проблемасын әдемі жасыруға тырысқанын байқауға болады. Жоғарыдағы деректерді бір ортаға қоссақ, Қазақстандағы 900 мыңнан астам жас азаматтың жұмыссыз екені анық көрінеді.

Жұмыссыздық енді ғана еңбек нарығына шығатын жастардың да уайымына айналды. «Оқу грантын көбейттік» деп көп есеп беретін билік, сол мамандар ЖОО-ын тәмамдағанда қайда барып қызмет қылатынын тіптен ойламайды. Нақты дерек, 2025 жылы мемлекеттік білім

гранты 75 мыңға жетпек. Оған ақилы оқитын жүздеген мың студентті және қосыңыз. Бірақ осынша маманды жұмысқа қабылдайтын еңбек нарығы бар ма? Табақтай диплом ұстаған жастар ертең қайда барып қызмет қылады? Қазақстандық жастардың 40 проценті мамандығы бойынша жұмыс істемейді, ЖОО түлектерінің 30 проценті бірден жұмыс таба алмайды. Аталған мәселемен күресудің орнына салалық министрлік бір реттік грант, бос жұмыс орындарының жәрмеңкесі, жастар практикасы деген науқандық іс-шаралармен ғана жүр. Жастар елдегі жұмыс күшінің 40 пайызын құрайтынын ескеріп, Үкімет оларды тұрақты жұмыспен қамтып, лайықты жалақымен қамтамасыз еткенде Қазақ жастары Кореяға қара жұмысқа кетпес еді, Еуропаның даласында пияз теріп ақша тауып жүрмес еді. Америкаға барып нан табудың, жан бағудың тәсілін іздемес еді.

Жұмыссыздықпен күресудегі біздің мынадай нақты ұсыныстарымыз бар:

1. Жалған есептен құтылып, нақты жұмыссыз жастардың санын және олардың талап-тілегін білу үшін мобильді топтар құру керек. Олар базарлар мен басқа да жастар көп шоғырланған жерлерді аралауы керек. Апанат партиясында сондай жүйе бар, аталған тәжірибені мемлекеттік деңгейде іске асыру қажет.

2. Бір реттік науқандық деректермен көрсетсем. Қазіргі таңдағы жұмыссыз жастардың саны – 80 мың, НЕЕТ жастардың саны – 422 мың, ал өзін-өзі жұмыспен қамтыған жастардың саны 408 мың деп келтіріледі. Аталған үш көрсеткіш арқылы құзырлы орындардың елдегі жастар арасындағы жұмыссыздық проблемасын әдемі жасыруға тырысқанын байқауға болады. Жоғарыдағы деректерді бір ортаға қоссақ, Қазақстандағы 900 мыңнан астам жас азаматтың жұмыссыз екені анық көрінеді.

Жұмыссыздық енді ғана еңбек нарығына шығатын жастардың да уайымына айналды. «Оқу грантын көбейттік» деп көп есеп беретін билік, сол мамандар ЖОО-ын тәмамдағанда қайда барып қызмет қылатынын тіптен ойламайды. Нақты дерек, 2025 жылы мемлекеттік білім

Нартай
СӨРСЕНҒАЛИЕВ,
Мәжіліс депутаты



ҚАЖЫМҰҚАН ҚАЙ ЖЫЛЫ ТУДЫ? НЕМЕСЕ АҢЫЗ БЕН АҚИҚАТ

(Соңы. Басы газетіміздің №87-88 сандарында)

Онда: «Қажымұқан Мұңайтпасов 1871 жылы туған» деп жазылған екен. Сол паспортты 42 жыл сақтаған Марк Қызыкенов ағамыз таяуда оны Астанадағы жаңадан ашылған Орталық мұражайға әкеліп өткізді. Ол қазір сондағы тарихи жәдігерлер залында тұр».

Жұрттың бәрін шатастырған паспорт осылай алынған екен. Ал шындығында Қажымұқан атамның нақты туған жылы барлық зерттеуші ғалым айттып жүргендей – 1883 жыл.

Біз Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты дайындап жатқан «Көне заманнан бүгінге дейінгі Қазақстан тарихы» 7 томдық академиялық басылымының 5-томында «Қажымұқан – классикалық күрестен қазақтың тұңғыш әлем чемпионы» атты тарауында Қажымұқан бабамыздың өмірбаянындағы даулы мәселелер түзетілсе дейміз.

Даулы мәселелер:
1) Қажымұқанның туған жылы;
2) Қажымұқанның туған жері;
3) Қажымұқанның спортта жеткен жетістіктері;
4) Қажымұқанның қарттық шағы.


Осы институт мамандарына қолда бар материалдарды беріп, Қажымұқан бабамыздың өмірбаяны нақты фактілерге негізделіп жазыла дейміз.

2021 жылы Үкіметтің шешімімен Қажымұқанның 150 жылдығы тойланды. Сол жылы үш тілде: қазақша, орысша, ағылшынша «Күш атасы – Қажымұқан» атты кітап шығарылды және «Айғақ ТВ» түсірген «Әлем мойындаған Күш атасы. Қажымұқан Мұңайтпасұлы» атты көркем фильм мен «Қазығұрт» киностудиясы түсірген «Алып күш иесі – Қажымұқан!» атты деректі фильм шығарылды.

Бірақ, осы жылы Қажымұқан атамның мәңгілік мекенін тапқан Темірлан ауылының жанындағы Батыс Қытай – Батыс Еуропа күре жолының бойынан бес гектар жер бөлініп, Қажымұқан бабаға салынбақ болған музей кешені аяқталмай қалды. Үкімет қаржы бөледі жоспарлағанмен, тиісті қаржы берілмей, құрылыс әлі тоқтап тұр. Бұл туралы еліміздің идеология саласында жемісті жұмыс істеп жүрген ұлт жанашыры Дархан Мыңбай «Қажымұқан кешені – ел борышы» атты мақала жазған болатын.

Дархан Қамзабекұлы айтады: «Қазақстан Үкіметі ұлт және әлем спортының біртуар тұлғасы – Қажымұқан мұрасына шын жанашырлық танытса, жақында Ұлттық экономика министрлігі қабылдаған шешімді өзгертуге тиіс деп ойлаймыз».

Қазақ елінің атын әлемге танытқан тұңғыш кәсіпқой балуанымыздың, күш атасының 150 жылдығына орай



ашылуға тиіс мемориалдық кешен құрылысы аяқталмай қалғаны былай тұрсын, биыл басымдық берілетін объектілер қатарынан сызылып тасталғаны хабарланды. Бұл – тәуелсіздігінің отыз жылын атап өткен елімізге, әруақ сыйлаған дәстүрімізге сын. Әйтпесе, тұтас ғұмырын күрес өнеріне арнап, өзі тірнкетіп жиған қаражатқа әскери ұшақ жасатып, фашизмге қарсы соғысқа үлес қосқан қазақтан шыққан алғашқы әлем чемпионы Қажымұқан Мұңайтпасұлы бабамызға бәріміз жабылып бір кешен сала алмағанымызға не жорық? Оның үстіне балуан атындағы кешен бүкіл спортшыға, жалпы қазақ спортының тарихына арналуға тиіс еді. Құрылысы жарты жолда тоқтап қалған музей кешенге Қажымұқан баба мәңгілік орын тапқан жердің іргелестігі ескеріліп, туризм саласын дамытқалы отырған Түркістанға жақын аудан аумағынан, Батыс Қытай – Батыс Еуропа күре жолының бойынан арнайы бес гектар жер бөлінгені оңтайлы болатын.

Тіпті, ғимараттар орны қазылып, іргетастары қаланып, облыстық бюджеттен бөлінген 30 миллион теңге қаржы игеріліп те қойған. Бүгінде қаржы жетіспеушілігінен өзге жұмыстар қаңтарылып тұр. Жобадағы мемориалдық кешен үш бөліктен құралған амфитеатр түрінде жобаланған спортзал ауылдық, аудандық, облыстық және республикалық деңгейлерде күрестің кәсіпқой және олимпиадалық түрлері – еркін күрес, дзюдо, қазақша күрес пен самбо күрестерінен жарыстар өткізуге мүмкіндік туғызбақ. Арнайы залдардың бәрі қисынды қарастырылған. Сондай-ақ халқы тығыз орналасқан ауданда жұмыс орнын ашып, табыс табуға есептелген қонақүй, асхана, конференция залы, заманауи шағын көрме залы, кітапхана, жәдігер, кітап қорын сақтайтын жайлар да көзделген.

Осы мақсатқа 2022 жылға «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы бойынша 511 миллион 988 мың теңгеге қаржы қарауға өтінімді Ұлттық экономика министрлігінің қолдамай тастағаны ел бесігінде тұрып жатқан жергілікті тұрғындар арасында түсіністік туғызып отыр. Мұны халық үніне құлақ асатын мемлекеттік органның жауабы деуге әсте болмас.

Шындығын айтсақ, қазақ

елінің даусыз мақтанышы – Қажымұқанға бәріміз борыштармыз. Ол ең әуелі өзімізге керек. Ұлтымыздың намысын ешқашан жықпағаны үшін, дүниенің төрт бұрышында жүріп, еліміздің рухын асқақтатқаны үшін атын құрметтеп, ұлықтауға міндеттіміз.

Құдайға шүкір, Қажымұқан бабамыздың жолын қуған Дәулет Тұрлыханов сияқты атақты спортшылар, белгілі кәсіпкерлер жоғарыда баяндалған жайтты назардан тыс қалдырмайды деп есептейміз. Өйткені бұл, біріншіден, түркі жұртының рухани астанасы – Түркістан маңындағы Қазақ спортының музей-кешені болмақ. Екіншіден, батыр ата-бабамыздан қалған ұлттық рухты, намысты, биіктікті, спортшыға тән өзге де қасиеттерді бүгінгі ұрпаққа дарыту – бүкіл еліміздің, соның ішінде спорт майдандаларының азаматтық парызы.

Былтыр шілде айының соңында Ордабасы ауданына арнайы іс-сапармен Ұлттық экономика вице-министрі Бауыржан Омарбеков келді. Сапар барысында вице-министр аудан әкімі Нұрбек Бадырақовтың жол бастауымен құрылысы тоқтап тұрған Қажымұқан Мұңайтпасұлының мемориалдық кешенінің құрылыс алаңының жоба-жоспарымен танысты.

«Министрліктің бюджеттік комиссия отырысында аталған мемориалдық кешен құрылысына қажетті қаржы мақұлдана бастады. Ендігіде аудан әкімдігі тарапынан мемориалдық кешен жобасын спорттық комплекс ретінде қайта қарап, ұсыным берген жағдайда министрлік республикалық бюджеттен қолдау көрсетуге дайын» деді Бауыржан Бақытұлы.

«Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автожолының бойында орналасқан кешенге жиналған ауданның ардагерлері, зиялы қауым өкілдері мен спорт жанашырлары Қажымұқан ауылының округіне ат басын бұрған вице-министрді күш атасының атындағы кешенге қолдау көрсетуге шақырды. Аудан басшысы Нұрбек Бақтыбайұлы бұл мемориалдық кешеннің аудан жастарының спортпен айналысуына таптырмас алаң екендігіне тоқталып, болашақ әлем чемпиондарын шығаруға, ұлт спортының ұлықтауға арналған инвестициялық жобаға сала-лық министрлік тарапынан қолдау көрсетілсе, деген ойын айтып өтті. Кездесу қорытындысы бойынша аудан басшысы алдағы уақытта мемориалдық кешен жобасына құрылыс талаптарына сай қайта өзгерту енгізіп, Ұлттық экономика министрлігіне жолдайтындығын жеткізді.

«Дұрыс-ақ! Ұлтқа тұлға, ұрпаққа үлгі болатын ұлыларымызға құрмет көрсететін сәт келді. Күш атасы – Қажымұқан атамның атындағы спорттық кешен аудан жастары мен тұрғындарының арманын орындайтын орынға айналып, туризмді түлете түседі деген сенім мол» дейді Әділ Айтөре. Биыл ұлы балуан Қажымұқанның туғанына 140 жыл, бақилық болғанына 75 жыл толады. Тірісінде тек қазақ емес, қырғыз, өзбек, татар, түрік халқы құрметтеп, «мұсылманның, түркінің бас балуаны» атанған ардақтымызды «бар қазаққа ортақ мақтанышымыз» деп құрметтей алмасақ, елдігімізге сын. Төртеу түгел болайық, ағайын.

Бекжан БЕЙСЕНБАЙ,

қажымұқантанушы



ЕЛЕУЛІ ӨЛКЕ – ЕРЕЙМЕНТАУ

Қазіргі күні екінші Швейцария деп аталған Бурабайдың маңы адамның бейберекет іс-әрекетінің нәтижесінде суы ластанып, көгі тапталып туризмнің қолайлы орталығына айнала алмады. Адамдар бір көрмекке барса да, ең бастысы көрсетілер қызметтің сапасыздығы мен бағасының қымбаттығынан, көл маңындағы демалыстың дұрыс ұйымдастырылмағаны себепті екінші рет баруға адамның беті қайтып қалатыны рас.

Айгүл УАИС

Мұндайда, іргемізде жатқан, бар болғаны 150 шақырымдай тура жолдың бойындағы Ерейментау еске түседі. Мұнда туристік қызметті дамытуға барлық алғышарт бар. «Қазақстанның киелі қартасы» жобасы аясында Ерейментау өңірінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша жиырма киелі жер белгіленді. «Бұйратау» мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы өзінің көркем табиғатымен таң қалдырады. Оның еліміздегі басқа қорықтардан айырмашылығы арнайы туристік бағыттар ашып қойған. Кез келген адам сол маршруттардың бірін тандап, тау аралап келе алады. Ерейментау қаласында «Ақмолатурист» АҚ өкілдігі жұмыс істейді. Мұндағы «Тоғыз шошақ», «Қарағайлы» соқпақтары «Сұңқар тауларын» бетке алса, «Жүз бұлақ өлкесі» бағытында атпен сейілдеуге болады. Ерейментау – аласа таулары мен сұңқар аралы таулары экологиялық экстремалды туризмді дамытуға ең қолайлы аймақ.

Бұл өңірде көрмекке қызық арқарлар бар. Аң патшалығына айналған «Бұйратауда» қасқыр, түлкі, қарсақ, қоянның бірнеше түрі, борсық, сілеусін, бұғы, бұлан, қабан, сасыққұзен, құндыз сияқты 55-тен аса хайуанаттың түрі бар. Бұл өңірдің берекесі – жағасы жасыл құрақ, балығы шоршыған көлдері. Әжібай, Бойзағыр, Тілес, Қоржынкөл, Ордабай, Бойзағыр, Қабланкөл, Тойғанкөл, Тандыкөл, Майкөл, Құмдықкөл, Тілембет, Теңіз, Көбейтүз, Тайбай, Шөптікөл, Балықты, Қайрақты, Ащыкөл, Торғай, Шақшабай, Қаракөл тағы басқалары бар. Бұл – Ерейментау көлдері. Бұл көлдер жаздың тартылмайды, балық аулап, суына шомылуға болады.

Өкінішке қарай, Көбейтүзден басқасына астаналықтар көп бара қоймаған шығар. Естеріңізде болса, осыдан бірер жыл бұрын елордалықтардың көбісі қызғылт түсті Көбейтүз барын алғаш естіп-біліп, тұзын тасып әкетті. Көбейтүз – әлемдегі саусақпен санарлықтай құпиялы көлдердің бірі. Көлдің бетін көз қызықтырар күреңге бояйтын, негізінен тұзды теңіздерді мекендейтін дуналиелла сортаңды су балдырының әсерінен болғанын сол кезде білген едік.

Әр тасы, суырылған желі де тарихқа тұнып тұрған Ерейментау 1876 жылдың шамасында үш жүзге сауын айтылып жар салынған Сағынайдың асы өткені белгілі. Бұл оқиға Ақан серінің Құлагерінің опат болуымен де есте қалды. Атағы Арқадан асып елге жайылған Сағынай асы осы жердегі Құсақ көлінің айналасында өткенді. Бұл да ел тарихын танығысы келгендерге сұранып тұрған бағыт.

Айтып айтпай не керек, өңірдің табиғаты, шалқар көлдері, аса биік емес тағылы тауы туризм нысанына айналуға сұранып-ақ тұр. Ұлттық парк аумағында құстардың 179 түрі мекендейді. Оның ішінде Қа-

лық инфрақұрылым жоқ емес. Қонақүйі, «Жұлдыз» балалар сауықтыру лагері, онға тарта жол бойындағы қызмет көрсету нысандары, жол бойындағы 3 жанармай күйу бекеті бар. Кейбір туристік базаларда жарық жоқ, интернет жеткізілмеген.

Әрине, туризмді бизнеске айналдыру үшін жергілікті әкімшілік пен инвесторлардың назары аударылуы керек. Тек әкімшілік емес, мемлекет қамқорлығынсыз бұл мәселе шешіле қоймайды. Табиғи ерекшеліктеріне байланысты бұл өңірде жаз ұзақ емес, сол себепті инфрақұрылымды салған кезде оның жыл он екі ай жұмыс істеп тұрғандай етіп салуы



зақстанның Қызыл кітабына енген 20 түрі бар. Олар: бұйра бірқазан, сұңқар, қыран бейіт, сұңқар-балобан, ақбас тырна, безгелдік, бүркіт, тарғақ, қызылтұмсық қаз, шикылдақ қаз, кіші аққу, қыран-ергежейлі, дала бүркіті, ұзын құйрықты бүркіт, ақ құйрықты бүркіт, сұр тырна, лашын, қара бас түлкісі, ақбас үйрек.

Табиғаты бай өлке экологиялық туризмді дамытуға қолайлы. Ерейментау өңірі демалыс орындары мен туристік базалар салудың бірегей орны деп бірауыздан келіскенмен де, осы байлықтың бәрін игеріп, туризм нөпірін тарту үшін әлі де көп жұмыс атқарылып, инвестиция құйылуы тиіс.


Аумақтың кеңдігі және іс жүзінде халық аз қоныстанған аумақ табиғи-аумақтық кешенге зиян келтірместен, Ерейментау тауларының аумағына оңтайлы жүктемені орнатуға мүмкіндік береді. Ерейментауда осы күндері туристік қызмет көрсету үшін туризм және рекреация-

тыс. Ол үшін қысқы туризмнің ерекшеліктеріне бейімделуі керек.

Әрине, қолжетімді болса, екі ортада көлік қатынап тұрса, алты ай жазда да демалыс күндерінің саяхатын ұйымдастыруға болар еді. Оның да насихаты аз ба, әлде естімедік пе, анығын айта алмаймыз. Түсінгеніміз өздігімізден Ерейментауға жету керек, сол жерде демалыс орындары мен туристік базалар салудың бірегей орны деп бірауыздан келіскенмен де, осы байлықтың бәрін игеріп, туризм нөпірін тарту үшін әлі де көп жұмыс атқарылып, инвестиция құйылуы тиіс.

Егер сенбі-жексенбі күндері астанадан арнайы автобус шығып, жол бастаушымен Бұйратауды бетке алатындай мүмкіндік болса, бірінші болып мен жазылар едім. Өйткені, ол жақта болғанмын, тамаша табиғатына тәнті болып, тағы бір айналып келетін жер екен дегенбіз. Әлі күнге дейін,

«Бүркіт ұстап басыңа бір шығарма ем, Көзіме бір көрінші, Ерейментау» деп ақын Иманжүсіп айтқанындай сезімде жүргеніміз рас.



БЕЛСЕНДІ ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР КОНЦЕРТІ

Астана қаласының белсенді зейнеткерлерінен құралған «Арқа әуендері» халық ансамблі елорданың 25 жылдығына арналған концерт қойды.



«Арқа әуендері» ансамблі – елорда жұртшылығына кеңінен танылған өнер ұжымы. Бас қаламызда өтетін мемлекеттік және ұлттық мерекелерге арналған іс-шаралардың ортасынан көрінеді. Құрамындағы зейнеткерлердің бәрі – өнерпаз азаматтар. Ансамбль жетекшісі Кенжетай Ергалиқызы Жанұзақова ансамблдің репертуарына үнемі көңіл бөліп, әрбір мүшесін қолдап-қоллап жүреді. Біз жақында ғана елордамыздағы «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы мекемесінде болып, осында тұратын қариялар мен мүмкіндігі шектеулі адамдар алдында концерт қойдық.

Домбыра, баян және басқа да ұлт аспаптарында қазақ, орыс, украин тілдерінде ән шырқап, күй тартып көпшіліктің көңілін бір көтердік. Музыкалық жетекшіміз – Теміреш Кереев, ансамбль мүшелері – Ғалия Мелдебекова, Бексұлтан Төлегенов, Әмина Сейтова, Рамазан Құрманбаевтың өнеріне зор қошемет көрсетілді. Өзім «Ах, ты, душечка» деген орыстың халық әнін шырқадым. Сонымен қатар ансамбль жанындағы «Замандастар» фольклорлық тобы, «Жігіттер» және «Қыздар» тобының өнеріне де көрермен дән риза болды. «Зейнеткерлер мен ардагер-

лердің концерті өте тамаша болды. Көңіліміз бір көтеріліп қалды. Көптен бері мұндай концерт көрмеппен едім. Бәріңізге алғысым шексіз. Өнерлеріңіз өрлей берсін!» деп ризашылығын білдірді осы концертті тамашалаған, «Шарапат» қарттар үйінің тұрғыны Раиса Гашенко.

«Арқа әуендері» ансамблі елордамыздағы іс-шараларға қатысуын жалғастыра береді. Дайындық жұмыстарымызды үзбейміз.

Ибрагим ӘЛІМБАЕВ,
еңбек ардагері,
«Қазақстанның құрметті азаматы» белгісінің иегері

Кеше Астана қаласының коммуникациялар қызметі алаңында қалалық Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Қайрат Қамбаровтың «Шығармашыл жастарды қолдау» тақырыбында баспасөз мәслихаты өтті.

АУЛА КЛУБТАРЫ – ТӘРБИЕ АЛАҢЫ

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Оның айтуынша, елордада аталмыш басқарма жастардың шығармашылық дамуы үшін бірнеше жобаны жүзеге асырып жатыр. Балалар мен жасөспірімдерге арналған 26 аула клубы жұмыс істейді. Онда 3100-ге жуық жас тәрбиеленеді. Үйірмелер мен секциялар саны – 124. Соның ішінде 68-і – спорт секциясы, 56-сы – шығармашылық үйірме. Бұл қатарда түрлі би үйірмелері, сурет салу, қолөнер, вокал және т.б. үйірмелер бар.

Студент жастар арасында жыл сайын «Жастар жалыны» шығармашылық фестивалі өткізіледі. Биыл бұл жоба оқу жылы басталған соң, шамамен қазан-қараша айларында болады деп жоспарлануда. Былтыр «Поэзия», «Театр», «Заманауи би», «Қазақ қуиз», «Ұлттық би», «Музыкалық аспаптар», «Эстрада», «Айттыс», «Сурет салу», «Медиа» аталымдары бойынша сайыстар өткізілді. Соған сәйкес қаржылай сертификаттар тапсырылды. Университеттер арасында Л.Умилев атындағы Еура-



зия ұлттық университеті бас жүлде ұтып алып, 500 мың теңге көлемінде сыйлыққа ие болды. Қала күніне орай «Жайдарман» елорда кубогы ойыны ұйымдастырылды. Бұл жобаны қалалық Жастар саясаты мәселелері басқармасы қатарынан 14 жыл бойы өткізіп келе жатыр. Ойынға қазақстандық 12 және Қырғызстаннан командалар келіп қатысты. Елорда кубогы мен 2 млн теңгені талдықорғандық «Шапалақ» командасы иеленді. Күміс жүлдені және 500 мың теңгені тараздық «Медиум» командасы, үшінші орынға тігілген 300 мың теңгені астаналық «Ақпен бірге» командасы алды. Қала күніне орай өткен тағы бір байқау – «Үздік жас қаламгер». Оған барлығы

98 өтінім келіп түскен. Үздік деп танылған 25 адамның әрқайсысына 500 мың теңге көлемінде сыйақы берілді. – Бұған қоса, белсенді жастар мен волонтерлерге арналған «Жастар жалыны кэмп» лагері ұйымдастырылады. Лагерь аясында жастар үш күн бойы шеберлік сабақтарына, тақырыптық кештерге қатысады, тимбилдинг, опен-эйер ұйымдастырылады. Студенттер арасында дебат ойындары, жас отбасылар арасында шығармашылық байқаулар, көптеген фестивальдер жоспарланған. Жақында Жастар күніне орай концерттік бағдарламалар өткізіледі. Жастарды қолдауға әрқашан дайынбыз, – деп сөзін түйіндеді Қайрат Қамбаров.

МЕКТЕПТЕГІ МУЗЕЙ

ҒАФУДЫҢ ҒҰМЫРЛЫ ЖЫРЛАРЫ

Қазақта Ғафу Қайырбековтей ғажап ақынды білмейтін жан кемде-кем. Жаратқан иеміз Ғафудың бір басына бірнеше өнер тоғыстырған екен. Ол – ақын, ол – әнші, ол – домбырашы, ол – шешен, сөз зергері, редактор, баспагер. Ақын кең жүрегіне ұлан-ғайыр даласын, тамаша табиғатын, халқының қуанышы мен жақсылығын, мұң-зарын сыйғызып, оны ақ қағаз бетінде алтын белгі етіп қалдырып кеткен.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Арқалы ақын арамызда болса, тамыз айында 95 жылдық мерейтойын тойлап жататын ек. Дүлдiл ақынның дүниеден көшкенiне де отыз жылдай уақыт болған екен. Ол көз жұмғанда «Қазақстанның Халық жазушысы», біртуар Әбiш Кекiлбайұлы «Қазақтың соңғы шешенi өмiрден өттi» деп күнiренген екен...

Ақын дүние салғанымен, жыралары – жұртының жүрегiнде, мұралары – музейлерде. Ғафан да, жары Бәдеш апай да – мұғалiм. Ақынның мына өлең жолдары соны растай түседi.

Ұстаз болу – жүректiң батырлығы,
Ұстаз болу – сезiмнiң ақындығы,
Ұстаз болу – мiнездiң күн шуағы,
Азбайтұғын адамның алтындығы.
Ғафудың анаға арналған әнге жазған өлеңiнiң өзi неге тұрады десеңшi?!
Өлемнiң жарығын сыйладың сен маған.

Даланың әр гүлiн жинадың сен маған.
Сен бердiң құстардың қанатын самғаған,
Балалық құштарым өзiңе арнаған.

Әдiлдеп, аялап, өсiрген жемiсiң,
Самал жел, сая бақ құшағың мен үшiн.
Есейiп кетсем де мен саған сәбiмiн.
Көңiлiңдi көктемдей көзiңнен танымын.

Ғафаның өлеңiне жазылған Шәмшiнiң «Ана туралы жыр» әнiн түркi тiлдес халықтар өз әнiндеi шырқайды.

Астанадағы Ғафу Қайырбеков атындағы №2 мектеп-гимназиясында ақынның мұражайы ашылғанына 20 жылдай уақыт болыпты. Бүгiнде бұл оқу ордасында 1818 оқушы оқиса, 123 мұғалiм сабақ бередi. Ғ.Қайырбековтiң немересi Ғафу Мәдi де осы мектепте

оқып, үздiк бiтiрдi.

Ғафу Қайырбеков этно-мемориалдық мұражайы 2003 жылы ашылды. Қазақ поэзиясында көрнектi iз қалдырған ақын мұражайының басты ерекшелiгiн ашып көрсететiн экспонаттар залдың қабырғасында рет-ретiмен орналасқан екен. Мұражай қызметкерлерi мен мектеп әкiмшiлiгi ақынға қатысты аса құнды деректердi өздерi жинастырған.

– Ғафу Қайырбековтiң өзi оқыған мектеп құжаттары, түрлi дипломдары,

қалдырған үлкен шығармашылық иесi, оның 200-ден астам еңбегi елiмiздiң жыр жауһарларының қатарынан саналады. Ғафу Қайырбеков поэзиясы – бұл халықтардың достығы, адам туралы теңдесi жоқ, сұлу, көркем туындылар.

Ғафу Қайырбеков Қазақ мемлекеттiк баспасында поэзия редакциясын басқарды, «Қазақ әдебиетi» газетi бас редакторының орынбасары, «Жазушы» баспасында поэзия редакциясының меңгерушiсi болды. 1968-1973 жылдары



1947-1948 жылдарда Торғайдың Ақсуат орталау мектебiндегi ұстаздық еңбек жолындағы қызықты деректер бар. Бұл экспонаттарда – ақынның балалық, жастық кезеңдегi өмiр жолдары мен алғашқы шығармашылық iзденiстерi айқын көрсетiлген. Ақынның өзi пiр тұтқан ақын ағалары, ұстаздарының фотосуреттерi де сақталған, – дейдi тарихшы Айгүл Түлеуқызы.

Өмiрiнiң соңына дейiн Қазақстан Жазушылар Одағының ақындар қауымдастығының президентi болған Ғафу Қайырбеков артына мол мұра

Қазақстан Жазушылар одағында поэзия секциясында жетекшiлiк еттi. 1973-1989 жылдары «Жұлдыз» журналы бас редакторының орынбасары қызметiн атқарды. Этно-мемориалдық мұражайға отбасының атынан Әйелi Бәдеш Хамзаққызы ақынның жеке тұтыңған заттарын берген. Олар – киiмдерi, орден-медальдары, өзi отырған орындық пен үстелi және ақынның жеке қолжазбалары.

Осыдан бес жыл бұрын Ғафу ақынның туғанына 90 жыл толуына арналған үлкен iс-шара Астанада, Алматыда өттi. Туған жерi де қарап отырған жоқ,



Ақынның кiндiк қаны тамған Торғай өңiрi мен Қостанайдың барлық аудандары мен қалаларындағы кiтапханалар мен мектептерде, колледждерде ақынның мерейтойына орай iс-шаралар аз болған жоқ.

Мектеп-мұражайды мектеп әкiмшiлiгi, педагогтар жыл сайын толықтыру үстiнде. Ғафу ақын жайлы ең қызықты естелiктер, мәлiметтер мұражай төрiнен орын алады.

– Музейде танымдық мақсаттағы iс-шаралар өтедi, – дедi мектеп директоры Сырым Нұғыманов. Жыл сайын мұнда «Ғафу оқулары» өткiзiлiп, оқушылар ақынның өлеңдерiн жатқа айтып, жарысқа түседi. Жеңiмпаздар мектеп басшылығының Алғыс хатымен марапатталады, түрлi бағалы сыйлықтар – спортқа керек бұйымдар мен кiтаптар берiледi.

Музейдегi сөреде тұрған «Тұлпар жырдың дүбiрi» атты естелiктер кiтабы ақынның жары Бәдеш Хамзина құрастырған екен. Онда Ғафу ақын жайында ел ағаларының әдеми естелiктерi жарияланған.

«Мына тұрған сурет 1978 жылы Ғафу ақын елу жасқа толып, еркелеп туған елiне барғанда түсiрiлген екен. Жанында ұлы – Бақыт. Қос ақын өзен жағасында тұр. Бақыт аға қашанғысындай томаға-тұйық, үнсiз, ал Ғафу көкем оң қолын созып, туған жер туралы өлең оқып тұрғандай...

Ортамызда жүрсе қазақтың арқалы ақыны, қайраткер перзентi, біртуар дарын Ғафу Қайырбеков жазда 95-ке толар едi, амал қанша 67 жасқа аяқ басқанда фәнiден бақиға аттанып,

Кеңсайдың етегiне жайғасты. Екi жылдай бұрын ақынның жан жары, соңында қалып мұрасын жинақтап, түгендеген өмiрлiк мұзасы – Бәдеш апай да қосағының жанынан орын алып, мәңгiлiк тыныстады» деп жазыпты Е.Қыдыр әлеуметтiк желiде.

Бiр рет туған ауылына, Торғай төрiне ат басын бұрған ақын Ғафу Қайырбековке ауылдастары бiр көлдi сыйға тартады. Ақынның көлi, Ғафудың көлi, мiне, осылай өзiнiң туған даласында ақын есiмiмен аталады. Ақын мұрасын мәпелеген Бәдеш апайға «Ғафу көлдiң әсиягүлдi» деген теңеу айтылыпты кезiнде.

Ғафу десе көл түседi есiме,
Ғафу десе ел түседi есiме.
Осы көлдей ортаймайды мәңгiлiк,
Ақын аға сыйлап кеткен несiбе, – дептi ақын Ақылбек Шаяхмет «Ғафу көлi» деген өлеңiнде.

Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттiк сыйлықтың лауреаты Ғафу Қайырбековтiң мол мұрасы ел жадында, оның шын бағасы ендi берiледi. Қазақ поэзиясы жасап тұрғанда, қазақтың рухани байлығы бар кезде оның есiмi еш уақытта ұмытылмақ емес.

Астана қалалық және Алматы аудандық Ардагерлер кеңестері еңбек және тыл ардагері **Ахметов Құттыбай Құшмырзаұлының** қайтыс болуына байланысты туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ: КІТАП ПЕН МОНЕТА

Биыл көрнекті мемлекет қайраткері Темірбек Жүргеновтің туғанына – 125 жыл. Жақында Астана қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі тұғырлы тұлға туралы еңбекпен толықты. Осы мекемеге қарасты №5 балалар кітапханасында жүргеновтанушы ғалым, филология ғылымдарының кандидаты Бауыржан Иманғалиевпен кездесу өтіп, «Менің қолтаңбам» жобасы аясында оның «Темірбек Жүргенов» кітабы сыйға тартылды.



Кітапты қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Гүлбадан Мәдібаева қабылдап алды. Бұл еңбекте Қазақстан мен Тәжікстан, Өзбекстан сынды Орта Азия елдерінің оқу-ағарту, мәдениет пен әдебиет салаларының өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан Темірбек Жүргеновтің әдеби-публицистикалық мұрасы мен қайраткерлік болмысы зерттеліп, теориялық тұрғыда талданған. «Темір нарком» атанған тұлғаның құнды мақалалары мен очерктері топтастырылып, оқырмандарға ұсынылды.

500 беттен тұратын кітап бес тарауға бөлінген. Бірінші және екінші тараулар «Қайраткердің азаматтық ажары», «Қайраткердің қалам қажыры» аталады. Әрі қарай Темірбек Жүргенов туралы мақалалар, естеліктер және лебіздер, тұлғаның әдеби-саяси публицистикалық

мұрасы, оқу-ағарту, мәдениет саласындағы еңбектері қамтылған.

Жуырда биылғы тұлға мерейтойына орай Қазақстан Ұлттық Банкі «Есте қалатын оқиғалар мен біртуар адамдар» сериясынан TEMIRBEK JURGENOV.125 JYL коллекциялық монеталарын айналымға шығарды. Монета МН 25 мелхиор қоспасынан дайындалған. Массасы – 15 грамм, диаметрі – 33 мм, дайындау сапасы brilliant uncirculated, номиналы – 100 теңгелік.

Коллекциялық монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында өзінің белгіленген құнына сай төлемнің барлық түрі бойынша қабылдануға, сондай-ақ елдің барлық банкінде банк шоттарына есепке алынуға және аударуға, ұсақтауға және айырбастауға жатады. Коллекциялық монеталар Қазақстан теңге сарайында дайындалды.



ҚЫЛҚАЛАМ ҰШЫНДАҒЫ ҚАЗАҚЫ ӨМІР

Ұлттық музейде Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, Суретшілер Одағының мүшесі, көптеген халықаралық және республикалық көрмелердің қатысушысы Яссауи Ағытаевтың «Дәстүрге толы өмір» атты жеке көрмесі ашылды.

Көрмеге мәдени және саяси қайраткерлер, танымал суретшілер мен өнертанушылар қатысты. Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитеті төрағасының орынбасары Данияр Әлиев қазақтың салт-дәстүрін, қазақтың мәдениетін қылқалам арқылы дәріптеп, өзінің еліне аянбай еңбек етіп келе жатқан Яссауи Ағытаевты көрмесінің ашылуымен құттықтады. Сенат депутаты Руслан Рүстемов суретшінің бойындағы ерекше талантты атап өтіп, оның

шығармаларында бұрынғы мен бүгінгінің сабақтасатынын мысал етті. Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры Сапар Көзейбаев өнер иесін көрмесінің ашылуымен құттықтап, сәттілік тіледі.

Көрмеге Яссауи Ағытаевтың 70-тен астам жұмысы қойылған. Суретшінің картиналарында халқымыздың салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпқа толы өмірі бейнеленген. Қылқалам шебері ықылым заманнан бүгінге дейін жеткен рухани байлығымызды

түстердің бай палитрасы арқылы жеткізіп, қоғамның мәдени сипаты мен құндылықтары туралы түсінік береді. Көрме халық өмірінің энциклопедиясына иллюстрация бола алады. Адам өмірінде болып жатқан барлық маңызды құбылыстар, мерекелер мен қиын кезеңдер Яссауи Ағытаевтың шығармашылығында көрініс табады.

Көрмені Ұлттық музейдің 6-қабатында орналасқан Уақытша көрме залында 27 тамызға дейін тамашалауға болады.

Дайындаған Аманғали ҚАЛЖАНОВ

ШАБАҚТЫНЫҢ СУЫ ҚАНДАЙ, БАЛЫҒЫНЫҢ ДӘМІ БАЛДАЙ!..

Шіліңгір шілдедегі шыдатпайтын ыстық тамызда да жалғасатын түрі бар. Мұндайда бәріміз суына шомылып, рахаттанатын жер іздейміз. Баратынымыз – Бурабай. Көретініміз – кептелген көліктер, адамға толған жағажайлар, «ұшқан» бағалар, оңалмаған сервис және тағы басқалар. Бурабайдағы жаныңды ауыртатын жайттың бірі – тазалықтың жоғы, экомәдениеттің төмендігі. Әсіресе, Көкшетаудың саясындағы көлдердің көбісінің суы ластанып барады! Бұл – бөлек әңгіменің өзегі.

Төлен ТІЛЕУБАЙ

Шомылатын суы жұмсақ, таза көл іздесеңіздер, Шортандыдан (орысша Щучинск деп аталып жүр) 6-7 шақырым жердегі Ақылбай ауылының маңындағы Кіші Шабақты көліне барыңыздар. Бұл көлдің суы жаздың ыстық күндерінде 24-28 градусқа дейін

жылиды. Бурабайдағы ең ұзын көлдердің бірі, ұзындығы 13,6 шақырымға, жағалауының ұзындығы 29,2 шақырымға созылып жатыр. Көлдің суы тұзды болғандықтан, теріңізге майдай жағады! Жағасы құмды, күнге қыздырынуға өте қолайлы. Ең бастысы, саф ауа, көк майса, тау мен көл, жанға жайлы тыныш жер! «Шабақты» деп

аты айтып тұрғандай, көлден алабұға, ақтабан, көксерке, сазан, шабақ және бүрге балық аулауға болады.

Демалушыларға көрсетілетін қызметі туралы аз-кем ақпарат берейін. Ақылбай ауылының шетінде, тура көлдің жағасында бір тамаша демалыс орны бар. Әрі ұлттық, әрі заманауи демалыс дәстүрлері бір жерге жинақталған. Қалауыңыз бойынша, нағыз қазақтың киіз үйінде, қазақы ағаш төсекте, түндіктен түскен Ай сәулесіне қарап жатып, ұйқыңызды алаңсыз қандырасыз (бү ғажайыпты тек көзбен көріп, көңілмен сезіну керек). Егер заманауи нөмірде қонамын десеңіз, ағаштан жасалған үйіңіз (дәретханасы, душы ішінде) де дайын. Үш немесе бес жұлдызды қонақүйден кем емес.

Ас-суыңызды ала барсаңыз, қалауыңыздағы тамақты (үлкен ас, қуырдақ, сірне, көуап және т.б.) пісіріп ішесіз. Кешкілік алаудың жанында би билеп, теріңізді бір шығарасыз. Одан



кейін, рахаттанып түсетін моншаңыз дайын! Моншадан шығып, салқын суға шайынып алып, түнгі аспандағы жұлдыздарды санай беріңіз! Демалыс орнындағы үйлердің жалға алу құны қымбат емес. Адам қарасы қалын. Тамыздың тамылжыған таңын қарсы алуға, тау бөктеріндегі Шабақты көлінің әсемдігіне тамсанып қалуға асығыңыздар, достар! Бұл сондай-ақ дәстүрлі той-думандарды, отбасылық басқосуларды табиғаттың аясында атап өтуге таптырмайтын жер!

Ең бастысы, суы таза көлге шомылып, салқындаған кезде: «Мына жер расында да керемет екен!» деп айдарыңыздан жел



есіп, судан шыққыңыз келмей, жүзі бересіз! Егер отбасымен бірге, я болмаса әріптестермен бірге жазғы демалысыңызды әлі жоспарламаған болсаңыз, Шабақтыға шомылыңыз! Ондағы

демалыс орнының қожайыны Жанар Жайлаубайқызымен (+7 775 071 8727) хабарласып, демалатын күндеріңізді алдын ала ескертіп қойсаңыздар, нұр үстіне нұр болар.

